

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Гуманитарлық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Гуманитарная серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3439

№ 4 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Гуманитарная серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

KZ46VP400029271

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук

Подписной индекс – 76131

<https://doi.org/10.48081/OPVG6947>

Бас редакторы – главный редактор

Бегимтаев А. И.

к.полит.н.

Заместитель главного редактора

Шамшудинова Г. Т., *доктор PhD,*

ассоц. профессор

Ответственный секретарь

Турлыбекова А. М., *к.и.н., ассоц. профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Акишев А. А.,	<i>д.полит.н., профессор;</i>
Алтыбасарова М. А.,	<i>к.полит.н., доцент;</i>
Ветренко И. А.,	<i>д.полит.н., профессор (Россия);</i>
Шашкова Я. Ю.,	<i>д.полит.н., профессор (Россия)</i>
Дронзина Т. А.,	<i>д.полит.н., профессор (София, Болгария)</i>
Абдикакимов М. Т.,	<i>доктор PhD</i>
Ермаханова С. А.,	<i>к.социол.н.</i>
Сағиқызы А.,	<i>д.филол.н., профессор;</i>
Кожамжарова М. Ж.,	<i>к.филол.н.</i>
Ахметова Г. Г.,	<i>к.филол.н., профессор;</i>
Уызбасва А. А.,	<i>доктор PhD;</i>
Аубакирова С. С.,	<i>доктор PhD</i>
Альмуханов С. Х.,	<i>к.филол.н., профессор;</i>
Кадыралиева А. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Манасова М. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Олжабаев Б. Х.,	<i>к.ю.н., ассоц. профессор;</i>
Ишеков К. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Россия);</i>
Таштемханова Р. М.,	<i>д.и.н., профессор;</i>
Азербайев А. Д.,	<i>доктор PhD;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>(тех. редактор).</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

«ҚҰҚЫҚ» СЕКЦИЯСЫ

FTAMP 10.17.53

<https://doi.org/10.48081/LOOG2605>

***Б. А. Қалмырзаев¹, Ө. Өзкан², Г. М. Раздықова³,
Е. Т. Бекбосынов⁴**

^{1,4}Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.;

²Стамбұл Тижарет университеті,
Түркия, Стамбұл қ.;

³Конфессияаралық қарым-қатынастарды талдау және дамыту орталығы,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАСЫМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Бұл мақалада діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша ұлттық заңнаманы кейбір шет елдердің ұлттық заңнамасымен өзара салыстырмалы-құқықтық талдау жүргіземіз.

Осы орайда қазіргі кездегі салыстырмалы құқықтану ғылымының теориялық негіздерін, сондай-ақ аталған ғылымның әрі құқық саласының зерттеу әдістері мен тәсілдерін нақты анықтап алайық.

Әуелі отандық заңгер-ғалым, профессор М. Т. Баймахановтың жазған кітап мазмұнына жүгінейік. Онда «салыстырмалы құқықтану мен мемлекеттану тек жеке ғылыми ғана емес, жалпы ғылыми әдістермен және көптеген зерттеу құралдары жиынтығымен толықтырылып жеке (салыстырмалы) әдіс шеңберінен асып, заң ғылымына бағытталған кең бөлімдердің біріне айналып отыр» [1, б. 6] деп жазылған. Автор аталған пікірімен жалпы негізде келісуге болады. Негізі салыстырмалы құқықтану құқық саласы ретінде арнайы құқық саласына жатады деп санаймыз. Себебі: біріншіден, аталған арнайы құқық саласының жеке зерттеу

әдістері мен тәсілдері қазіргі құқық салаларын өзара салыстырып зерделеуде қолданылып келеді; ал енді екіншіден, бұл ретте салыстырмалы-құқықтық талдау тәсілі барлық құқық салаларының құқықтық институттары мен нормаларына жалпы жүйелі, жеке және өзара салыстыру іс-әрекеттері жасалады; үшіншіден, бұл арнайы құқық саласы сонымен қатар шет елдердің ұлттық заңнамаларын, сондай-ақ халықаралық құқықтың тиісті салаларымен салыстырылып зерттеледі. Сонымен қатар ерекше айта кетер жайт, мемлекеттануды зерделеу барысында салыстырмалы-құқықтық талдау тәсілі міндетті түрде қолданылады.

Кілтті сөздер: дін, діни экстремизм, құқықтық талдау, терроризм, радикализм, ұлттық заңнама, экстремистік ұйымдар.

Кіріспе

Талқыланып жатқан мақалада «Салыстырмалы құқықтану кең етек жайып жатыр, өйткені қазіргі әлемде құқыққа талап өсіп келеді, мемлекетшілік және халықаралық сияқты қоғамдық процестердің жалпы танылған реттеушісі болып табылады. Құқықтың жалпы әдістері түрлі елдердің құқықтық жүйелері сипатымен ерекшеленеді, олардың мәні әлемдік интерграциялық процестер жағдайында төмендемейді. Жалпы және ерекше құқықты зерттеу мен білу, құқықтық жүйелерді салыстыру, ұлттық заңнамаларды жақындату жолын талдау тәжірибелік маңызы арта түсуде» [2, 30 б.] деген пікір қамтылған. Бұл ғылыми еңбектегі жалпы сипаттамалы тұжырым мазмұнынан көрініп тұрғандай, салыстырмалы құқықтанудың ерекше құндылықтық маңызы артып келеді дегіміз келеді. Себебі: біріншіден, ұлттық құқық жүйесі мен халықаралық құқық жүйесінің өзара әрекеттесу жүйесі қалыптасты деуге болады; екіншіден, әлемдік қауымдастық құрамына кіретін барлық дерлік құқықтық жүйелер унификациялық (бірізділіктік) тұрғыдан сәйкестендіру үрдістерін жүргізуде; үшіншіден, салыстырмалы-құқықтық талдау тәсілі ұлттық заңнама мен халықаралық құқықтың жетілдіруіне нақтырақ әсерін береді деп санаймыз.

Діни экстремизм ұғымының зерделенуі, салыстырмалы-құқықтық талдау, шетелдік заңнамасы тұрғысында діни экстремизмді салыстырмалы-құқықтық талдау. «Діни экстремизм» ұғымы қазіргі уақытта әр түрлі ғылым салалары бойынша талқыланып жатқандығы рас. Әрине бұл құбылыс кешенді, объективті, жан-жақты зерттелу деңгейінде емес. Оның мынандай негізгі себептері мен күрделі мәселелері бар: біріншіден, әлі күнге дейін әр түрлі ғылым салаларының зерттеу жұмыстары кешенді түрде жүргізілмеуі; екіншіден, аталмыш ұғымның мәнін түсінудегі түрлі талқылаудың орын алуы;

үшіншіден, «діни экстремизм» ұғымына қатысты ғылыми пікір-таластардың теология мен ғылым салаларының арасында туындауы; төртіншіден, оны зерттеудің теориялық-әдістемелік және тәжірибелік аспектілерінің кешенді түрде жүйеленбеуі; бесіншіден, осы құбылыстың халықаралық сипат алуы. Міне, осындай себептер мен күрделі мәселелердің орын алуы, сонымен қатар олардың әлі де реттеліп шешілмеуі «діни экстремизм» ұғымының кешенді түрде талқылануына кедергілер келтіретіндігі ақиқат. Соған қарамастан «діни экстремизм» ұғымына қатысты мәселелерді зерттеуге тиісті ғылым салалары бойынша талқылануы мен оны зерттеушілердің талдаулары аталмыш мақалада жан-жақты қарастырылады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы зерттеуде салыстырмалы ғылыми әдістер, жалпы ғылыми эмприкалық әдістері, тарихи-типологиялық салыстыру, зерттеу мәселесі бойынша арнайы әдебиеттерді теориялық талдау; статистикалық анализ, салыстырмалы анализ, тарихи әдіс, қылмыстық заңнама және нормативтік құқықтық актілерді талдау әдістері қолданылды.

Ал енді белгілі профессор, заңгер-ғалым Е. М. Абайдильдинов «Салыстыру арқылы құқықтағы даралық, ерекшелік және жалпылық танылады, құқықтық құбылыстардың генезисі мен динамикасы танылады, өзара жеке салыстырылатын объектілердің жіктелуі мен жүйеленуі жүргізіледі. Құқықтық құбылыстарға салыстырмалы тәсіл мәнісі құқық қолдануға бағытталған салалық құқықтанудың прагматикалық сипаттамасына қол жеткізуге және жеке заң институттарының ғылыми зерттеуге мүмкіндік беретін түсініктер мен категориялар деңгейіне көтерілуге жол беруінде жатыр» [2, 30 б.] деп ой түйіндейді. Бұл профессордың сипаттамалық тұжырымын қисынды деп есептейміз. Өйткені: біріншіден, қазіргі жалпы ғылым салаларында қолданылатын салыстыру әдісі мен салыстырмалы-құқықтық талдау тәсілінің өзара ұқсастау тұстары мен өзіндік ерекшеліктері, сонымен бірге өзіндік өзгешеліктері де бар деп санаймыз; екіншіден, салыстыру әдісі мен салыстырмалы-құқықтық талдау тәсілі зерттеу объектілерінің тек ұқсас тұстарын анықтап ғана қоймайды, сондай-ақ олардың жалпы дамуына оң ықпал етеді; ал енді үшіншіден, салыстырмалы-құқықтық талдау тәсілі ұлттық заңнама мен халықаралық құқықтың жүйесіне кіретін нормативтік құқықтық актілерін жетілдірудің негізгі зерттеу тетігі деп түйін жасаймыз. Жалпы ғылым салалары үшін салыстыру тәсілі жеке зерттеу тәсілі болғанымен, оның барлық салаларда нақтырақ қолданылуына байланысты, бұл ретте оның жалпылық табиғаты нақты анықталады.

Аталмыш автор «Біздің ойымызша, құқықты салыстырмалы зерттеу мазмұнына сәйкес келетін екі термин: «салыстырмалы құқықтану» және

«компаративистика». Компаративистика зерттеу бағыты ретінде барлық ғылым салаларында тікелей дамитындығын да ескере отырып, біз «құқықтанушылық компаративистика» сөз тіркесінің орын ала алатынын мойындаймыз, дегенмен ғылымда тұрақты түрде қолданылатын «салыстырмалы құқықтану» терминін жоғарырақ бағалаймыз» [2, 31–39 бб.] деп өзіндік бағалауын білдірген. Аталған автордың осы тұжырымды пікірімен толыққанды келісуге әбден болады. Өйткені: біріншіден, жоғарыда аталған терминдер жалпы ғылым мен құқық жүйесі тиісті салаларында тікелей қолданылады; ал екіншіден, «компаративистика» термині жалпы негізде қолданылатын ғылыми ұғым екендігін нақты білеміз; үшіншіден, ақиқатында «салыстырмалы құқықтану» деп аталған ұғымдық тіркесті қолдану дұрыс деп есептейміз.

Ғылыми еңбегі арнайы түрде зерделеніп жатқан заңгер ғалым «Құқықтық құбылыстарды салыстыру процесі кезінде ұлттық құқықтық жүйелердің бірқатар ұқсастықтары мен айырмашылықтарының терен себептерін түсінуге мүмкіндік беретін қоғамдық өмірдің бірқатар аспектілеріне салыстырмалы анализ жасалады, нақтырақ айтатын болсақ, өркениеттік фактор – құқықтың тарихи, этникалық, географиялық және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, геосаяси фактор – жаһандық және аумақтық саяси-құқықтық процестер. Осындай кең анализ нәтижесінде нормативті құқықтық актілер және бірқатар ұлттық, шетелдік, аумақтық және халықаралық құқықтың жекелеген нормаларын салыстырмалы зерттеуге мүмкіндік туады [2, 31–39 бб.] деп ой түйіндеген. Автор пікірін құптауға болады. Себебі: біріншіден, қазіргі түрлі құқықтық жүйелердің (яғни роман-герман, діни-құқықтық, англо-саксон, социалистік және т.б.) нақты болуы; екіншіден, аталған құқықтық жүйелер белгілі бір өркениеттердің ықпалымен қалыптасып нақты дамып отыр десек болады; үшіншіден, геосаяси факторды тек құқықтық сипатта ретке келтіретін құқықтық жүйелер мен халықаралық құқықты салыстырмалы-құқықтық талдау жасаудың ерекше қажеттілігі бар санаймыз.

Ғылыми еңбегі сараланып жатқан автор «Сонымен, қазіргі ғылым әдістемесі диалектік-материалистік, өркениеттік және синергетикалық әдістемелік тәсілді синкретистік қолдануға негізделген. Зерттеудің салыстырмалы әдісі барлық ғылымдармен шектеусіз қолдануда, соның ішінде заң ғылым да бар. Сондықтан бұл әдісті тар мағынадағы арнайы әдістерден гөрі жалпы ғылыми топқа жатқызған дұрыс. Қазақстан Республикасында жасалатын нормативтік құқықтық актілердің бірде-біреуі тек қана қазақстандық заңнамаға сүйеніп жасалмайды. Өрқашан алдын ала осындай нормативтік құқықтық актілер сол жасалып жатқан немесе қабылданған елдің тиісті тәжірибесі жеке зерттеледі. Сондықтан салыстырмалы құқықтанудың ішінен тар мағынадағы арнайы әдісі ретінде «салыстырмалы құқықтануды»

бөліп көрсетуге болады [2, 31–39 бб.] деп жеке қорытынды тұжырымды жасаған. Әлбетте осы автордың қорытынды тұжырымын қолдауға тұрарлық тұсы бар. Өйткені: біріншіден, сол салыстырмалы әдіс арнайы әдіске қарағанда жалпы әдіс деуге болады; екіншіден, ұлттық заңнаманың барлық жүйесі шетелдік заңнамалармен салыстырып сараптама қасағаннан соң қабылдауға ұсынылады; ал үшіншіден, салыстырмалы құқықтану құқық сала болудан бөлек, көптеген құқық салаларында қолданылатын арнайы ғылым әдісі ретінде танылған.

Профессор Е. М. Абайдильдинов «Салыстырмалы әдіс халықаралық шарттарды дайындау процесінде, әсіресе мемлекеттің ұлттық заңнамасындағы кемшіліктерді анықтау процесінде, яғни халықаралық, аумақтық және ұлттық нормалардың айырмашылығы мен ұқсастықтарын нақтырақ анықтауда, ұлттық нормалардың тиімділігі мен халықаралық құқықтың жалпыға танымал негізгі қағидаларының жүзеге асу деңгейін бағалауда маңызды рөл атқарады. Ұлттық және халықаралық құқықтың арақатынасы жайлы мәселелерін дайындау қазіргі құқықтануда өзекті болуда. Сонымен қоса салыстырмалы құқықтану ғылымда дамушы бағытқа ие, ал ондағы салыстырмалы әдіс ақырындап жалпы ғылыми әдіске айналуда» [2, 31–39 бб.] деп ғылыми негізде түйіндеген. Бұл ғылыми негіздегі ой-пікірмен жалпы келісуге болады. Себебі: біріншіден, ол автор ұлттық, тіпті халықаралық құқықтық актілер болсын, мейлі қайсыбір ғылыми әдістің қолданылатындығын тілге тиек етіп жазған; ал екіншіден, ұлттық заңнамадағы құқықтық сипаттағы кемшілік пен олқы тұстары реттелуге мүмкіншілік алады; үшіншіден, арнайы әдіс ретінде салыстырмалы-құқықтық талдау жалпы ғылыми сипаттағы әдіске айналған деп білеміз.

Белгілі профессор, заңгер-ғалым Т. Ағдарбеков өзінің ғылыми сипатта жазған еңбегінде «Салыстырмалы құқықтану дегеніміз, шынында, тұтас теориялық бағыт (компаративизм) ... Салыстыру әдісі өзіне мынандай кезеңдерді қосып алады. а) салыстырылатын институттарды жеке-жеке зерттеу) табылған белгілерді салыстырғанда бір-бірінің ұқсастығы мен өзгешелігіне қарау, б) нәтижелерін бағалау...» [3, 235 б.] деген анықтаманы берген болатын. Аталған профессордың берген анықтаманың мазмұны дұрыс жинақталып жасалған деп есептейміз. Өйткені: біріншіден, осы термин заңтану ғылымының саласының негізгі әдістерінің бірі ретінде саналған; екіншіден, салыстыру әдісін қолдану арқылы өтетін кезеңдерді жіктеп берген; үшіншіден, қысқа мазмұнда өзіндік анықтамасын берген деп түйін жасаймыз.

Ресейлік ғалым М. Н. Марченко өз ғылыми еңбегінде «салыстырмалы құқықтанудың пәні ретінде құқықтық жүйелердің туындауы, қалыптасуы мен дамуының жалпы қағида ттары мен заңдылықтары» [4, б.109]

қарастыруды жөн деп санайды. Ал енді ресейлік сарапшы В. А. Туманов «салыстырмалы құқықтанудың пәнін шетелдік құқықты арнайы зерделеу» [5, б. 44] деп тұжырым жасаған. Белгілі өзбекстан ғалымы А. Х. Саидов «салыстырмалы құқықтануды шетелдік құқықты арнайы зерделеу» [6, б. 30] деп анықтаған. Бұл ретте беларусь зерттеушісі А. В. Егоров аталған пікірлерді сараптай келе «салыстырмалы құқықтану пәнін жай нәрсе емес, керісінше әрдейімді, типті және тұрақты сипаты бар құқықтық құрамдас элементтерден тұратындығын алға тартады» [7, б. 11] деп қорытынды тұжырым жасаған. Осы жоғарыда жасалған қысқа мазмұндағы тұжырымдарды назарға ала отырып, олардың пікірімен ішінара келісуге болады. Дегенмен, осы орайда айта кетер жайт, салыстырмалы құқықтану тек шетелдік құқық пен заңнамаларын ғана зерттемейді. Бұл ретте ол ұлттық заңнаманың ішіне кіретін нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ өз алдына бөлек заңдардың мазмұнында бекітілген нормаларды өзара салыстырады дегіміз келеді. Осы орайда А. В. Егоровтың жеке тұжырымымен келісуге болады. Себебі: біріншіден, салыстырмалы құқықтану құқықтық тұрғыдан бұрыннан жүйеленген құқықтық жүйелерді зерделейді; екіншіден, мемлекеттік және құқық теориясына сай белгіленген құқық жүйесін (құқық салалары, құқық институттары және құқық нормалары) зерттейді; үшіншіден, салыстырмалы құқықтану құқықтық жүйелерге кіретін барлық құқықтық категорияларды саралаудан бөлек, олардағы құқықтық олқылықтар мен кемшіліктерді түзетуге мүмкіндік береді деп түйіндейміз.

Сонымен, ендеше жоғарыда айтылған сарапшылардың ғылыми пікірлері мен тұжырымдарын құптай әрі ескере отырып, әрі қарай жеке ғылыми зерделеуімізді жалғастырамыз.

Сонау 2005 жылдың 18-ші ақпанында Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 31 Заңы қабылданған болатын. Әуелі аталған заңның 1-бабында бекітілген негізгі ұғымдарды саралаудан бастаймыз. Баптың 1-тармағында «экстремистік іс-әрекеттер ұйымдастыру – экстремистік іс-әрекеттерге басшылық ету, экстремизмді қаржыландыру, экстремистік мақсатта адамдарды тарту, құралдар мен қарулар жасау және алу, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдай жасауға бағытталған басқа да іс-әрекеттері» [8] делінген анықтамалық норма бекітілген. Осы баптың жалпы мазмұнын арнайы мәтіндік саралау жасағанда мынадай кемшін тұстар анықталды деп санаймыз. Мысалы, бұл нормадағы «құралдар мен қарулар жасау» деп жазылған арнайы сөздерді «құралдар мен қаруларды іздестіру, жасау және алу» делінген мазмұнымен толықтырған жөн деп есептейміз. Өйткені: біріншіден, экстремистік топтар қылмыстық топ

ретінде құралдар мен қаруларды қолдан жасаудан бұрын ақшаға сатып алуды жөн көреді; екіншіден, құралдар мен қарулар жасауға ақша қаражаттан бөлек, оларды жасайтын тұлғаларды іздестіру мен оларды табудан бөлек, сонымен қатар қаншама уақыт кететіндігі жалпыға белгілі жағдай деп білеміз; ал үшіншіден, құралдар мен қарулар жасаудан гөрі бұл ретте оларды іздестіріп алу жеңілдеу іс-әрекет болып келеді. Осы тұста, Ресей Федерациясының «Федеральный закон от 25 июля 2002 г. N 114-ФЗ «О противодействии экстремистской деятельности» деп аталатын заңына зер салып, оны қазақстан заңымен өзара нақты салыстырып көрейік. Ресей Федерациясы заңының 1-бабы мазмұнында бар болғаны негізгі ұғымдар ретінде 4 ұғымдарға анықтама берілген деуге болады [9]. Ал енді біздің заңының 1-бабында негізгі ұғымдар ретінде 11 ұғымға құқықтық анықтама берілген. Беларусь Республикасының заңында [10] 6 негізгі ұғымдарға анықтама берілген. Сондықтан аталмыш елдердің заңдарында бекітілген анықтамалар саны бойынша біркелкі емес екендігі көрініп тұр. Олардың жалпы мазмұнын өзара салыстырғанда, сол үш елдің екі анықтама атауы нақты ұқсас болып келеді. Яғни «экстремистік ұйым» және «экстремистік материалдар» деп аталған ұғымдық тіркестер. РФ және БР заңдарында негізгі ұғымдарының бірі ретінде «Экстремистік ұйым нышандары» деген ұғымдық тіркес бекітілген. Бұл анықтамалар ерекшелікті терминдер болып табылады. Ал енді ҚР заңында «экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттауды» делінген сөздер «экстремистік іс-әрекеттер» деп аталған анықтама мазмұнында қамтылған. ҚР заңында «экстремистік іс-әрекеттер ұйымдастыру», «экстремизм», «экстремистік іс-әрекеттер», «экстремизмді қаржыландыру», «экстремизмге қарсы іс-қимыл», «экстремизмнің профилактикасы», «экстремистік әрекеттерді ұйымдастыру», сондай-ақ «экстремистік топ» делінген ұғымдарға анықтамалар бекітілген. Аталмыш ұғымдық терминдер Ресей Федерациясының заңында жеке дара анықтама ретінде берілмеген деуге тура келеді. Дегенмен аталған ұғымдық тіркестер «экстремистская деятельность (экстремизм)» деп аталатын ұғымдық тіркес анықтамасында қолданылған. Ал БР заңында жоғарыда аталған ұғымдық тіркестер ішінен «экстремистік іс-әрекеттерді қаржыландыру» деп аталған ұғымдық тіркес ғана бар. Біздіңше, осындай ұғымдарға анықтамалар жеке берілгені жөн. Себебі, мұндай қадам құқық қолдану, яғни ол анықтамалар анықтау, алдын ала тергеу, прокурорлық және сот практикасында тиісті түсініктеме беруде және қолдануда нақтылықты көрсетіп береді. Ал енді бір жағынан жеке алып қарағанда, «экстремизмді қаржыландыру» делінген анықтаманың жеке дара белгілену себебі, БҰҰ-ның аясында қабылданған «Терроризмді қаржыландыруды алдын алу» деп аталатын конвенцияға сәйкес

жасалған деп есептейміз. Өйткені, экстремизм терроризмге негізгі серіппелік саты болғандықтан, оны алдын алу терроризмнің алдын алу дегенді білдіреді.

Беларусь Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 203-3 (04.01.2007) заңы 1-бабы мазмұнында «экстремизм (экстремистік қызмет)», «экстремистік материалдар», «экстремистік ұйым» және «экстремистік қызметті қаржыландыру» [10] делінген ұғымдық тіркестер бекітілген. Бұл ұғымдық тіркестерді ҚР заңындағы терминдермен өзара салыстарған кезде, жалпы атауы ұқсас келеді. Тек «экстремизм» сөзімен бірге «экстремистік қызмет» деген ұғымдық тіркес жақша ішінде ғана қоса тіркеліп жазылған. Біздіңше, осы «экстремистік қызмет» деген ұғымдық тіркес «экстремизм» ұғымының ішкі мазмұнына кіреді деп есептейміз. Себебі: біріншіден, «экстремизм» ұғымы абстрактілі ұғым болып келеді, сол себепті экстремистік қызмет бағыттарының жиынтығы осы ұғымның мазмұнын толықтырып береді; ал екіншіден, экстремизмнің негізгі түрлері ретінде саналатын «діни экстремизм», «саяси экстремизм» және «ұлттық экстремизм» делінген ұғымдық тіркестер нақты айқындалған қылмыстық-құқықтық құбылыстар болып табылады; үшіншіден, экстремистік қызмет экстремизмнің және оның негізгі түрлерінің құқықтық табиғатын анықтап береді деп білеміз. Осы орайда, айтар ұсынысымыз бар. ҚР заңы 1-бабында бекітілген «экстремистік әрекеттер» делінген ұғымдық тіркесті мүмкіндік болса, оны алып тастап, ол анықтамалық нормадағы сөздерді «экстремизм» деп аталған ұғымға берілген анықтама норма мазмұнына қосу керек деп санаймыз. Өйткені: біріншіден, «экстремизм», «экстремистік қызмет» және «экстремистік әрекеттер» деп аталған терминдерге жеке анықтамалар беріп қойғаннан гөрі, жинақталған анықтама берген жөн; ал екіншіден, аталмыш жинақталған анықтама жалпы мазмұндық әрі мағыналық мәнін, құқықтық табиғатын ашып береді; үшіншіден, аталған жинақталған норма практика жүзінде қолдануға, дұрыс саралау жүргізуге мүмкіндік береді. Бір жағынан алып қарайтын болсақ, салыстырмалы талдаудан белгілі болғандай, кейбір елдердің заңдарында жинақталған анықтама бекітілгендігі анықталып тұр десек болады.

Нәтижелер мен талқылау

Ендігі кезекте Түркия Республикасының діни экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша заңнамасын жоғарыда аталған елдердің заңнамасымен салыстырмалы-құқықтық талдау жасайық.

Түркия Республикасы Конституциясының мазмұнына шолу жасаудан анықталғандай, аталған негізгі заңның 24-бабында «Ешкім мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе құқықтық реттеу жүйесін ішанара болса да, дін негіздеріне сүйемелдеу немесе саяси немесе жеке тұлғалық

мүддесі яки әсерін сақтау мақсатымен қандай да бір жағдайда болмасын, діни не дін сезімдерін яки дін бойынша қасиетті саналған нәрселерді пайдалана алмайды және жамандыққа қолдана алмайды» [11] делінген ереже бекітілген. Бұл ретте ҚР-ның негізгі заңында «бірлесу бостандығы» қағидасы бойынша тыйым салынған нормасы бар (5-бап 3-тармақ). РФ негізгі заңы [12] (13-бап 5-тармақ) мен БР негізгі заңында [13] (5-бап) осыған ұқсастау тыйым салынған нормалар белгіленген. ТР негізгі заңы 68-бабында «саяси партиялардың жарғылары мен бағдарламалары және олардың әрекеттері мемлекеттік тәуелсіздігіне, елі мен ұлтына бөлінбейтін тұтастығына, адам құқықтарының сақталуына, теңдік және құқықтық мемлекет қағидаларына, ұлттың егемендігіне, демократиялық әрі зайырлы республика қағидаларына қайшы келмеуі керек; класстық немесе кландық диктатура немесе кез келген түрдегі диктатураны тікелей қорғауға және оны орналастыруға ұмтыла алмайды; олар қылмыс жасауды ынталандыра алмайды» [11] деген норма бекітілген. Бұл негізгі заң нормаларын өзара салыстыратын болсақ, Түркия мен ТМД-ға мүше-мемлекеттерінің аталған нормаларының шамалы ұқсастығы бар болғанымен, әжептәуір ерекшелігі бар деп білеміз. Себебі: біріншіден, аталған елдердің құқықтық жүйелері роман-герман құқықтық жанұясына кіргендіктен әрі оған негізделуіне байланысты аздап ұқсастығы бар; екіншіден, ТМД мүше-мемлекеттерінің негізгі заңдарына жақын ұқсастығы бар деуге тура келеді; үшіншіден, осы ұқсастықтар Түркияның негізгі заңының нормаларынан ерекшелендіреді деп санаймыз. Осы тұста, ерекше түрде айта кетер жайт, әлемнің көптеген елдердің, оның ішінде түркияның негізгі заңдарында экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл негіздері, яғни нормалары болғанымен, олар жалпы мазмұнда көрініс тапқан деп есептейміз. Осылай есептеуіміздің себебі: біріншіден, түркияның терроризмге қарсы іс-қимыл заңы бар, бірақ экстремизмге қарсы заң батыстың көп елдері секілді енді қабылданады деп айтуға болады. Бұл ретте ТМД елдерінде терроризмге әрі экстремизмге қарсы іс-қимыл заңдары бөлек қабылданған дегіміз келеді; екіншіден, бұл елдің «Терроризммен күресу» заңы (№ 3713 12.04.1991 ж.) 1-бабында бекітілген «терроризм» ұғымына берілген анықтама мазмұнында «террор», «терроризм», «саяси экстремизм» және «сепаратизм» ұғымдарын анықтап беретін ұғымдық тіркестер мен сөздер қамтылған; ал үшіншіден, бұл елдің аумағында жоғарыда аталған қылмыстық-құқықтық құбылыстардың қауіп-қатері бар. Бұл ретте діни экстремизмнің деңгейі оларға қарағанда шамалы төмендеу деуге болады. Өйткені: біріншіден, аталған елдегі жалпы діни бірлестіктер (әсіресе ислами діни бірлестіктер) мемлекеттік мекемелердің жиынтығы ретінде мемлекет бақылауында тұр; екіншіден, «дін негіздері»

деп аталатын пән міндетті түрде барлық оқу орындарында оқытылады деп айтуға болады; үшіншіден, бұл елде түрлі діни жамағаттар бар. Олардың саяси-әлеуметтік ықпалының бар екендігі айта кету керек. Сол себепті ол елдің саяси режимі мен сол діни жамағаттардың көсемдері арасында біздің ойымызша негізі саяси текетеріспен сипатталады.

Осы тұста, халықаралық сипаттағы көкейкесті мәселені айта кеткенді жөн көреміз. Орта Азия және ТМД елдерінің бірқатар азаматтары, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері Сирия мен Ирак елдеріндегі болған қарулы қақтығыстарға қатысқандығы жалпыға белгілі. Бұл ретте олар ол аймаққа көбінде Түркия арқылы барғандығы нақтырақ анықталған. Әрине аталмыш бауырлас елмен халықаралық ынтымақтастығымыз тығыз әрі жоғары деңгейде деп бағалау жасауға болады. Дегенмен, біздің елде және Орта Азия мен ТМД елдерінде тыйым салынған діни экстремистік ұйымдардың мүшелері сол жақта қысқа курстарға барып оқып келуі мүмкін делінген ақпарат бар. Сол себепті аталмыш бағытта ұлттық қауіпсіздік органдары халықаралық ынтымақтастықты әрі қарай пысықтап жалғастыру қажет деп санаймыз.

Түркия қылмыстық кодексіндегі экстремизмге қатысты нормаларды өзара салыстыру керек.

Сонымен, Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңын, негізгі заңын және қылмыстық заңын кейбір ТМД елдері мен Түркия ұлттық заңнамаларымен өзара салыстыру әдісі арқылы кейбір қырларын зерделеуге тырыстық. Сараланған ұлттық заңнамаларда (әсіресе тмд елдері) өзара ұқсас тұстары болғандығы, сонымен бірге өзіндік ерекше жағдайда қолданған ұғымдар мен терминдер және тиісті сөздердің бар екендігі нақты анықталды. Ендегі кезекте жоғарыда жасалған пікірлер, тұжырымдар мен қорытындыларды да ескеріп, жеке пайымдауымыздағы тұжырымды жасап ұсынуды жөн көреміз.

Біріншіден, Қазақстан Республикасының қазіргі заң ғылымдарының жүйесінде салыстырмалы құқықтану ғылымы қалыптастырылу үстінде деп айтуға болады. Өйткені, елде салыстырмалы құқықтану ғылымы бойынша ғылыми еңбектер, әсіресе мемлекеттік тілде аз жазылғандығы айқындалып тұр. Сол себепті осы мәселеге жіті назарды аударған жөн деп санаймыз.

Екіншіден, салыстыру әдісін тек ғылыми айналым мен ортада ғана емес, оны қажетті деңгейде құқық қолдану тәжірибесінде тікелей қолдана алуымыз қажет. Себебі құқық қолдану және сот тәжірибесінде осы әдіс толықтай қолданылмайды деп есептейміз;

Үшіншіден, зерттеуге қойылған мәселелерді зерделеудің барысында анықталған, белгіленген және ұсыныс етілген пікірлер мен қорытындылар

құптарлық әрі назарды аударарлық нақты тұстары жетерлік. Дегенмен, бұл бағытта көптеген салыстыру жұмыстарын әлі жасауға тура келеді. Себебі, қолданыстағы ұлттық заңнаманың кейбір тұстары заң техникасы, тілдік дәлме дәл мағынасы, компративистикалық әдіс, құқықтық, философиялық ой, зани мағыналық және өзге де қажетті белгілері бойынша әлі пәндік, пәнаралық, сондай-ақ кешенді зерттеу, яғни салыстырмалы құқықтық талдау жасау қажет. Демек, Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңын салыстырмалы-құқықтық талдау арқылы осы заңды бүгінгі заңды талапқа сәйкес нормативтік құқықтық акт ретінде саналатын деңгейге жеткізу керек деп білеміз.

Қорытынды

Жоғарыда салыстырмалы-құқықтық талдау жасалғандай, енді ТМД елдері мен Түркия елдерінің ұлттық заңнамасынан бөлек, өзге елдердің, оның ішінде біздің елге жақын және алыс шет елдердің ұлттық заңнамасымен салыстыру қажет. Бұл құқықтық қадам халықаралық құқық қағидалары мен нормаларына қарама қайшы келетін шет елдердегі қарулы қақтығыстарға қатысушылардың құқыққа сыйымсыз қылмыстық іс-әрекет жүйесін алдын алуға, тыйым салынған экстремистік ұйым мүшелерінің заңсыз іс-әрекеттерін алдын алуға, сондай-ақ экстремизмге қарсы іс-қимыл заңнамасының олқы тұстары мен негізгі мәселелерін анықтауға, оларды тез жоюға әрі оларды шешудің құқықтық тетіктерін жасауға және тәжірибеде қолдануға нақты мүмкіндіктер береді деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Баймаханов, М. Т. Сравнительный метод познания в юриспруденции и сравнительное правоведение : формы соотношения и взаимопроникновения // Проблемы развития сравнительного правоведения в системе юридического образования в Республике Казахстан : Материалы I Международной научно-теоретической конференции. – Алматы, 1999. – С. 5–10.

2 Абайділдинов, Е. М. Қазақстан Республикасының ұлттық құқығы мен халықаралық құқықтың арақатынасы (басымдылықтың қалыптасу мәселелері). – Астана : ЕҰУ РББ, 2010. – 300 б.

3 Ағдарбеков, Т. Мемлекет пен құқық теориясының негізгі мәселелері : Оқу құралы. – Алматы : Заң әдебиеті, 2009. – 256 б.

4 Марченко, М. Н. Сравнительное правоведение. Общая часть : Учебник для юридических вузов. – М. : Зерцало, 2001. – 560 с.

5 Туманов, В. А. О развитии сравнительного правоведения // Советское государство и право. – 1981. – № 11. – С. 41–49.

6 **Саидов, А. Х.** Сравнительное правоведение (основные правовые системы современности) : Учебник / под ред. В. А. Туманова. – М. : Юрист, 2000. – 441 с.

7 **Егоров, А. В.** Сравнительное правоведение / А. В. Егоров – «Высшая школа», 2015. – 51 с.

8 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы. [Электронды ресурс]. – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031>.

9 Федеральный закон от 25 июля 2002 г. N 114-ФЗ «О противодействии экстремистской деятельности» [Электронды ресурс]. – <https://base.garant.ru/12127578/>.

10 Закон Республики Беларусь «О противодействии экстремизму» (04.01. 2007 № 203-3) [Электронды ресурс]. – <http://pravo.levonevsky.org/by/zakon/20081025/text1/zakb0222.htm>.

11 Türkiye cumhuriyeti anayasasi Kanun Numarası: 2709 Kabul Tarihi: 18/10/1982. Yayımlandığı Resmî Gazete: Tarih: 9/11/1982 Sayı: 17863 (Mükerrer) [Электронды ресурс]. – <https://www.mevzuat.gov.tr/MevzuatMetin/1.5.2709.pdf>.

12 Конституция Российской Федерации [Электронды ресурс]. – <http://www.constitution.ru>.

13 Конституция Республики Беларусь [Электронды ресурс]. – <https://pravo.by/pravovaya-informatsiya/normativnye-dokumenty/konstitutsiya-respubliki-belarus>.

REFERENCES

1 **Bajmahanov, M. T.** Sravnitel'nyj metod poznaniya v jurisprudencii i sravnitel'noe pravovedenie : formy sootnosheniya i vzaimoproniknoveniya [Comparative method of cognition in jurisprudence and comparative jurisprudence : forms of correlation and interpenetration]. – Almaty, 1999, – P. 5–10.

2 **Abaidildinov, E. M.** Qazaqstan Respublikasynyñ ultiq qūyǵy men halyqaralyq qūyqıtuñ araqatynasy (basymdylyqıtuñ qalyptasu мәseleleri) [Kazakhstan Relations between national law of the Republic of Kazakhstan and international law (problems of priority formation)]. – Astana : ENU RB, 2010. – 300 p.

3 **Aǵdarbekov, T.** Memleket pen qūyq teoriasynyñ negizgi мәseleleri : Oqu qūraly [Theory of State and law negizgi mәseleleri : Textbook]. – Almaty : Legal Literature, 2009. – 256 p.

4 **Marchenko, M. N.** Sravnitel'noe pravovedenie. Obshhaja chast' : Uchebnik dlja juridicheskikh vuzov [Comparative law. General part : Textbook for law schools]. – Moscow : Zercalo, 2001. – 560 p.

5 **Tumanov, V. A.** O razvitii sravnitel'nogo pravovedenija [On the development of comparative jurisprudence]. – 1981. – No. 11. – P. 41–49.

6 **Saidov, A. H.** Sravnitel'noe pravovedenie (osnovnye pravovye sistemy sovremennosti) [Comparative jurisprudence (The main legal systems of modernity)]. – Moscow : Lawyer, 2000. – 441 p.

7 **Egorov, A. V.** Sravnitel'noe pravovedenie [Comparative law] «Vyshnejshaja shkola», 2015. – 51 p.

8 «Ekstremizmge qarsy is-qimyl turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2005 jylǵy 18 aqpandaǵy N 31 Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan dated February 18, 2005 No. 31 «On countering extremism»] [Electronic resource]. https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000031_

9 Federal'nyj zakon ot 25 ijulja 2002 g. N 114-FZ «O protivodejstvii jekstremistskoj dejatel'nosti» // [Federal Law No. 114-FZ of July 25, 2002 «On Countering extremist activity»] [Electronic resource] // <https://base.garant.ru/12127578/>

10 Zakon Respubliki Belarus' «O protivodejstvii jekstremizmu» [The Law of the Republic of Belarus «On Countering Extremism»] [Electronic resource]. <http://pravo.levonevsky.org/by/zakon /20081025/text1/zakb0222.htm>.

11 Türkiye cumhuriyeti anayasasi Kanun Numarası : 2709 Kabul Tarihi : 18/10/1982. Yayımlandığı Resmî Gazete: Tarih: 9/11/1982 Sayı: 17863

12 Konstitucija Rossijskoj Federacii [Constitution of the Russian Federation] [Electronic resource]. <http://www.constitution.ru>.

13 Konstitucija Respubliki Belarus' [Constitution of the Republic of Belarus] [Electronic resource]. <https://pravo.by/pravovaya-informatsiya/normativnye-dokumenty/konstitutsiya-respubliki-belarus>.

Материал 17.12.21 баспаға түсті.

**Б. А. Калмурзаев¹, О. Озкан², Г. М. Раздыкова³, Е. Т. Бекбосынов⁴*

^{1,4}Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави,

Республика Казахстан, г. Туркестан;

²Стамбульский университет Тигарет, Турция, г. Стамбул;

³КГУ «Центр анализа и развития межконфессиональных отношений», Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 17.12.21.

СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ НАЦИОНАЛЬНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ РЕЛИГИОЗНОМУ ЭКСТРЕМИЗМУ С НАЦИОНАЛЬНЫМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВОМ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН

В данной статье мы проведем сравнительно-правовой анализ взаимодействия национального законодательства по противодействию религиозному экстремизму с национальным законодательством некоторых зарубежных стран.

В этой связи, четко определим теоретические основы современной сравнительной юриспруденции, а также методы и способы исследования данной науки и отрасли права.

Сначала обратимся к содержанию книги, написанной отечественным ученым-юристом, профессором М. Т. Баймахановым. В нем говорится, что «сравнительное правоведение и государствоведение, дополненные не только отдельными научными, но и общенаучными методами и множеством исследовательских инструментов, выходят за рамки индивидуального (сравнительного) метода и становятся одним из более широких разделов, ориентированных на юридическую науку» [1, С. 6]. С указанным мнением автора можно согласиться на общих основаниях. Полагаем, что сравнительное правоведение как отрасль права относится к сфере специального права. Потому что: во-первых, отдельные методы и приемы исследования данной специальной отрасли права используются при взаимном изучении существующих отраслей права; во-вторых, при этом делается общий системный, индивидуальный и взаимный подход к правовым институтам и нормам всех отраслей права; в-третьих, эта специальная отрасль права изучается также в сопоставлении с национальными законодательствами зарубежных стран, а также с соответствующими отраслями международного права. Кроме того, при изучении государственности в обязательном порядке применяется метод сравнительно-правового анализа.

Ключевые слова: религия, религиозный экстремизм, правовой анализ, терроризм, радикализм, национальное законодательство, экстремистские организации.

**B. A. Kalmurzaev*¹, *O. Ozkan*², *G. M. Razdykova*³, *E. T. Bekbosynov*⁴

^{1,4}Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Republic of Kazakhstan, Turkestan;

²Istanbul Tijaret University,
Turkey, Istanbul;

³KSU «Center for Analysis and Development of Interfaith Relations»,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 17.12.21.

COMPARATIVE LEGAL ANALYSIS OF NATIONAL LEGISLATION ON COUNTERING RELIGIOUS EXTREMISM WITH THE NATIONAL LEGISLATION OF FOREIGN COUNTRIES

In this article, we will conduct a comparative legal analysis of the interaction of national legislation on countering religious extremism with the national legislation of some foreign countries.

In this regard, let's clearly define the theoretical foundations of modern comparative jurisprudence, as well as methods and techniques of research of this science field and branch of law.

First, let's turn to the content of the book written by a domestic legal scientist, Professor M. T. Baymakanov. It states that «comparative jurisprudence and state studies, supplemented not only by individual scientific, but also by general scientific methods and a variety of research tools, go beyond the individual (comparative) method and become one of the broader sections focused on legal science» [1, p. 6]. The author's opinion can be agreed with on general grounds. We believe that comparative jurisprudence as a branch of law belongs to the sphere of special law. Because: firstly, certain methods and techniques of research of this special branch of law are used in the mutual study of existing branches of law; secondly, a general systematic, individual and mutual approach to legal institutions and norms of all branches of law is made; thirdly, this special branch of law is also studied in comparison with the national legislations of foreign countries, as well as with the relevant branches of international law. In addition, when studying statehood, the method of comparative legal analysis is mandatory.

Keywords: religion, religious extremism, legal analysis, terrorism, radicalism, national legislation, extremist organizations.

Теруге 17.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
810 Кб RAM
Шартты баспа табағы 7,5.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: З. С. Исакова
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3871

Сдано в набор 17.12.2021 г. Подписано в печать 30.12.2021 г.
Электронное издание
810 Кб RAM
Услпеч.л 7,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: Исакова З. С.
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3871

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
8 (7182) 67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
vestnik-humanitar.tou.edu.kz